

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1554 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 28 желтоқсан N 1343. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен. ~P020789

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалау жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы" 1997 жылғы 17 қарашадағы N 3761 U973761_ Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрылымы туралы" 1998 жылғы 23 ақпандағы N 127 P980127_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін реформалауға байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын органдардың қызметкерлері еңбекақысының бірыңғай жүйесі туралы" 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 U973436_ Жарлығының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әскери қызметшілердің, Мемлекеттік тергеу комитетінің органдары, ішкі істер органдары қызметкерлерінің, әскери және арнайы атақтары жоқ жекелеген санаттағы адамдардың лауазымдық жалақыларын белгілеу туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1554 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1998 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1343 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 1554 қаулысына

1-1-қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі орталық
аппаратының қызметкерлері жекелеген санаттарының
жаңадан енгізілген лауазымдар бойынша
Лауазымдық жалақылары

Лауазым	Айлық лауазымдық жалақы (теңгемен)
Бас әскери инспекциясының бастығы	13400
Генерал-инспектор	13200
Қорғаныс министрі аппаратының бастығы	12600
Орталық командалық пункттің бастығы	12000
Орталық командалық пункт бастығының орынбасары	11000
Жедел кезекшілер орталығының бастығы	10000
Орталық командалық пункттің жедел кезекшісі	7800
Орталық командалық пункт жедел кезекшісінің көмекшісі	7200
Аға инспектор-ұшқыш	5900
	<u>7200</u>

Ескерту. Бөлгіштегі лауазымдық жалақы - ұшу құрамы үшін белгіленген ұшу мөлшерін орындау шартымен ұшу жалақысы.

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК